**Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің салық қызметі салық милициясының қызмет және арнайы жеңіл автомобильдерінің лимиті туралы**

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1994 жылғы 2 желтоқсан N 1344. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000.02.24. N 288 қаулысымен. ~P000288

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Салық милициясы органдарының қызметкерлеріне қызмет көрсету үшін Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне 27 қызметтік жеңіл автомобиль, оның ішінде Бас салық инспекциясының Салық милициясы басқармасына - 2, облыстардың, Алматы және Ленинск қалаларының салық милициялары үшін - 25 жеңіл автомобиль лимиті

бөлінсін.

2. "Арнаулы жеңіл автомобильдердің тиесілілік табелін бекіту туралы" Қазақ ССР Министрлер Советінің 1989 жылғы 3 тамыздағы N 242 қаулысымен бекітілген Қазақ ССР Министрлер Советінің қарамағындағы бюджеттік мекемелер мен ұйымдар үшін арнайы жеңіл автомобильдердің тиесілілік табелі қосымшаға сәйкес толықтырылсын.

Қазақстан Республикасы
Премьер-министрінің
бірінші орынбасары

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1994 жылғы 2 желтоқсандағы
N 1344 қаулысына
Қосымша

Арнайы жеңіл автомобильдердің тиесілілік табеліне
Қосымша

```
-----------------------------------------------------------------
Атауы! Қызмет  ! Арнайы жеңіл автомобиль ! Мекемеге, ұйымдар құрылым.
     ! мақсаты ! пайдалану құқы бар меке  ! дық бөлімшеге арналған ав.
     !         ! мелер мен ұйымдар        ! томобиль саны
-----------------------------------------------------------------
```

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі
салық қызметінің салық милициясы

| | | |
|---|---|---|
| жедел профилактикалық және жедел қажеттілікті қамтамасыз ету | республикалық | 3 |
| | облыстық | 3-5 |
| | қалалық және ауданаралық | 2-3 |
| | аудандық | 2 |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК